

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» Ыш
20 11 ж. «15» 07
ЗАНДЫ ТҮЛГАҒА
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
БСН 020740000860
Алғашқы тіркелген күні 2022-19.07.



Қарағанды облысы білім басқармасының
Абай ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) осы жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме облыстың жергілікті атқарушы органдының шешімімен құрылады.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.
5. Мемлекеттік мекеменің басқару органы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы мемлекеттік (қазақ) тілде: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №9» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.
7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100118, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Южный кенті, Абай көшесі, ғимарат № 23.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.
11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық актілерде көрсетілген барлық туындастын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуы үшін қолайлар жағдайлар жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген азаматтардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруді қамтамасыз ету;

3) мәдениет деңгейі жоғары, қоғам өміріне бейімделген, терендетілген және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және игеруге дайын зияткерлік тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

4) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша оқушыларды даярлау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметтерін көрсетеді (шағын орталық, мектепалды сыныптар). Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі.

Мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына, Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдеб-ғырыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді менгеру.

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес келесі ақылы білім беру қызметін көрсету:

1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

2) арнайы курстар мен пәндер циклдерін қосымша оқыту бойынша;

3) жекелеген білім алушылармен жеке тәртіппен оку жоспары бойынша сағат санынан артық пәндер бойынша қосымша сабактар өткізу;

4) оқушылармен пәндерді қосымша терендептіп оқыту бойынша (Мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттардың тиісті білім беру бағдарламалары шеңберінен тыс);

5) тегін білім беру қызметтерінің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін өзге де білім беру қызметтері;

негізгі қызметтің орнына ақылы қызметтер көрсетілмейді.

Мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады;

дамытуши оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу нысандары мен әдістерін іздеу, өзірлеу, эксперименттік оку жоспарларын, бағдарламалары мен факультативтік курсарын апробациялау. Оку процесін ұйымдастыру, басқару осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

оку-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары негізінде өзірленген және жалпыға міндettі негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оку жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлгілік бағдарламаларына сүйенеді;

мемлекеттік мекеме "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шекте оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін дербес тандауда. Мемлекеттік мекеменің білім беру процесін жүзеге асыру үшін жылдық жұмыс оку жоспарын және оку сабактарының кестесін әзірлейді және бекітеді;

Оқу пәндерін тереңдетіп оқыту үшін мекемеге факультативтерге және әр сыйыпқа 4 сағат есебінен оқушылардың тандауы бойынша қосымша курсарды ұйымдастыруға қаржат бөлінуі мүмкін.

Оқыту тілі мемлекеттік (қазак) және орыс тілдері болып табылады.

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі қамтамасыз етіледі:

1) жеке тандаумен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланумен

2) мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пәндерді дамытатын жаңа оқу бағдарламаларын енгізу арқылы жүзеге асырылады;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін меңгеруге, білім алушылардың ойлау қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курсарды енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме құрылымы:

1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

2) Әдістемелік Кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпымектептік ата-аналар комитеті, сыйыптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

3) сыйып, топтар-мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі.

Білім деңгейлері:

1) бастауыш білім беру (1 - 4-сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт бастауыш сыйып оқушысының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және оқытудың оң уәждемесі негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, зияткерлік және музикалық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту болып табылады. Оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл;

2) негізгі орта білім беру (5 - 9-сыныптар) білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, негұрлым күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы біліктер мен дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамыту және арнайы курсарды тандауды қамтамасыз етеді, оқушылардың жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияга қайши және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу. Білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету. Негізгі орта білім жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі-5 жыл;

3) жалпы орта білім беру (10 – 11 сыныптар) білім алушының танымға деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды, оқытуды саралау негізінде дербес оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыруды

қамтамасыз етеді. Міндепті пәндерге қосымша жеке тұлғаның қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың өздері таңдаған пәндер, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жоғары кәсіптік білім алу үшін негіз болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі-2 жыл;

«Көркем еңбек» пәнін оқыту, сондай-ақ вариативті компонент сағаттары мектепаралық оқу-өндірістік комбинат базасында жүзеге асырылуы мүмкін. Қосымша білім беруді дамыту шенберінде «Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрығына сәйкес мектептің жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігінің сағаттары қосымша білім беру ұйымдарына берілуі мүмкін;

сағаттар мен сыныптарды беру, сондай-ақ үйірмелерді оқытуға байланысты барлық мәселелерді реттеу «Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. Мекеме мектептен тыс оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын өткізуге құқылы (мәдениет мекемелері, спорт ғимараттары, әскери нысандар, зерттеу зертханалары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қосымша білім беру ұйымдары және т.б.);

тиісті контингентті көрсете отырып, сыныптар жиынтығы Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мекеме басшысы дербес жауапты болады. Сыныптардағы окушылар саны осы білім беру ұйымына тікелей бөлінетін бюджет қаражаты ескеріле отырып, санитариялық нормативтер сақталған жағдайда қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді;

сыныптар тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оқу кезінде кемінде 20 окушы санымен 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Егер оқу жылы ішінде окушылар саны 20 окушыдан кем болса, онда сыныпты 2 кіші топқа бөлу осы оқу жылдының келесі тоқсанынан бастап тоқтатылады.

Жарғының осы тармағы бюджеттің мүмкіндіктерін ескереді;

егер мемлекеттік мекеме мәртебесі бойынша шағын жинақталған мектепке жататын болса, онда оқу-тәрбие процесі білім алушылардың аралас сыныптарда әртүрлі жастағы окуын ескере отырып қамтамасыз етіледі;

шағын жинақталған мектептерде жекелеген пәндерді оқу кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған кезде кіші топтарға бөлуге жол беріледі. Сыныптарды бір сынып-жиынтыққа біріктіру және біріктіру кезінде әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10 адамнан аспауы тиіс.

Шағын жинақталған мектептердегі сыйыптарды толтыруға 3-10 және одан да көп адам жіберіледі. Үш немесе төрт сыйыпты біркітірген кезде оқу сабактарын ұйымдастырудың жылжымалы кестесі қолданылады. Бірінші сыйып және бітіруші сыйыптардың білім алушыларын бірлесіп оқытуға жол берілмейді;

мемлекеттік мекемеде толық және толық емес күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі шағын орталық занды тұлға болып табылмайды, мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда олардың ата-аналарын консультациялық-әдістемелік қолдау, балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында құрылады;

шағын орталыққа қабылдау Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдау үшін құжаттар тізбесі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидаларымен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандарттымен айқындалады;

мемлекеттік мекеме деңсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабақ өткізуі қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, бұйрықпен педагогтердің дербес құрамы айқындалады, өткізілген сабактар журналы жүргізіледі. Ата-аналар (занды өкілдер) үйде сабақ өткізу үшін жағдай жасауға міндетті;

оқу сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен каникул саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

мемлекеттік мекемеде мынадай жұмыс және сабақ режимі белгіленуі мүмкін: сабактың басталуы бірінші ауысымда – 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші ауысымда – 13:30 (14:00) сағат. Сабақ кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабактарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабактар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабақ кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабақ кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін;

сабактар арасындағы үзілістер кезінде мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ата-аналардың және жалпыға

міндettі оқу қорының қаражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады;

Мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді. Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбіке қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау органдары (поликлиника) жүзеге асырады. Оқушылар кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес мектеп формасы міндettі. Оны кио тәртібі мен стилі ата-аналар комитетімен немесе қамқоршылық кеңеспен келісім бойынша мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен бекітіледі. Мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келуі керек. Бас киімдер мен түрлі конфессиялардың діни тиесілілігінің атрибуттарын қоса алғанда, киім элементтерін мектеп формасына қосуға жол берілмейді;

міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығында белгіленген жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс;

мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтауға міндettі. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

Инклузивті білім беру мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мекеме ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың (заңды өкілдердің) мұдделерін ескере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы сыныпта (екі баладан артық емес) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқытын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) түзету сабактарын өткізеді. Мекемеде лого-пункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопункт ашу Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделеді.

мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауға арналған құжаттардың тізбесі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде баланың ата-аналары немесе занды өкілдері мұғалімді таңдауға құқылы емес. Сыныптан сыныпқа ауыстыру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, 0-11 сыныптарда білім алушылардың ең аз саны 12 адамнан кем болмауы тиіс. Мектепалды сыныптарға қабылдау ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды атtestаттаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

қорытынды атtestаттаудан табысты өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кәмелетке толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады. Кәмелетке толған білім алушыларды мектептен шығаруға педагогикалық кеңестің шешімі бойынша құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын, сондай-ақ үлгерімін өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі.

Тәрбиеленушілерді шағын орталық топтарынан шығару ай сайынғы төлем уақтылы төленбеген, баланы дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі;

білім алушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбіке қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау органдары (емхана) жүзеге асырады. Білім алушылар кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді;

жалпы білім беру процесінің қатысушылары: тәрбиеленушілер, білім алушылар, педагогтар, тәрбиеленушілер мен білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар).

Білім алушылардың құқығы:

- 1) тегін жалпы орта білім алуға;
- 2) әртүрлі қызмет түрлеріндегі ерекше табыстары үшін көтермелегеуге;
- 3) медициналық қызмет көрсетуге;
- 4) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 5) қосымша (акылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеу, ар-ождан мен ақпарат бостандығы, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге.

Мемлекеттік мекеме зайдырылған және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтайты. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

корытынды аттестаттаудан табысты өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік ұлгідегі құжат беріледі.

Білім алушылар міндетті:

- 1) мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) білім алушы мектеп мүлкіне зиян келтірген жағдайда мекеменің мүлкін адаптацияға және ұқыпты қарауға, оның құнын ата-анасымен бірге қалпына келтіруге және өтеуге;
- 3) мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуға;
- 4) мекеме белгіліген мектеп формасын киуге.

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылатын мүмкіндіктер шеңберінде оқыту нысанын тандауға;
- 2) қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) өз балаларының үлгеріміне, мінезд-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың зияткерлік және физикалық қүштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды жалпы білім беретін мектепке одан әрі айқындей отырып, мектеппелік даярлықты қамтамасыз етуге;
- 3) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

- 4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;
 - 5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-касиятін құрметтеуге;
 - 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
 - 7) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім нысанын сақтауға міндettі.
- Ата-аналар (және оларды алмастыруши тұлғалар) мекеменің жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін орындауға міндettі және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сонымен қатар мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға жауапты.

Мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалық басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады.

Мекемені тіkelей басқаруды директор жүзеге асырады.

Директор жауап береді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруға, білім алушылардың білім сапасына, өмірі мен деңсаулығына, білім беру процесі кезінде білім алушылар мен мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтауға құқығы бар.

2) лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген нормативтік актілерді, облыстық және қалалық/аудандық маңызы бар білім беру органдарының бүйрықтарын, лауазымдық міндettтерді дәлелді себептерсіз орындағаны немесе тиісінше орындағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін.

3) білім алушының жеке басына тән және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны, оның ішінде бір рет қолданғаны, сондай-ақ өзге де өнегесіз теріс қылық жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін.

4) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта тартылады.

Тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогикалық қызметпен айналысуға жіберіледі. Жұмысқа жіберілмейтін тұлғалар:

- 1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- 2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте түрган адамдар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог

өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген занды тәсілмен растайды;

3) соттың занды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

4) Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;

5) Қазақстан Республикасының Енбек Кодексінде көзделген шектеулер негізінде.

Жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндetti. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Мектепті басқарудың бір түрі-педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына: білім беру үйімдерінде орналасуға қойылатын басшысы (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Білім беру үйімдерінде педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналған білім беру үйімдерінде орналасуға қойылатын басшысынан бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды.

Педагогикалық кеңес қарастырады:

1) білім беру үйімдерінде құқықтық актілерді орналауда жөніндегі іс-шаралар;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

3) оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

4) қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курска калдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы куәлік, негізгі орта білімді бітіргені туралы куәлік, үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру мәселелері;

5) педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеге мәселелері;

6) педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ақ оған қатысты осы Жарғыда көрсетілген мұлікке қатысты құқық субъектісінің, мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыратын органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. Қарағанды облысының әкімдігі мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мұлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің Жарғысын, енгізуі, өзгертуі және толықтыруды бекітеді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің директорын тағайындауды;
- 2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қатыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;;
- 5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарифтеу тізімдерін және өзге де қаржы-шаруашылық іс жүзтамасын келіседі;
- 7) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған жерлікі алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) мемлекеттік мекеменің құрылтайшысына мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

9) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз күзүретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік пен материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің директоры:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мұдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйректар шығарады және әңгашулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелесу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындейды;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мұназдардың есебінен қалыптастырылады:

- 1) оған құрылтайшы берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен шеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсынуды барлық туындастырылған функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органды жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі жаңынан мен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды

тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

34. Таратылған мемлекеттік мекеменің қалған мүлкін кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директор

К.А. Бадыкова

УТВЕРЖДЕН

приказом руководителя

ГУ «Управление экономики

Карагандинской области»

«08» 04 2021 год

№ 3



УСТАВ

коммунального государственного учреждения

«Общеобразовательная школа №9»

отдела образования Абайского района

управления образования Карагандинской области

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №9» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления соответствующих функций, указанных в настоящем уставе.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создается решением местного исполнительного органа области.

4. Учредителем государственного учреждения является: акимат Карагандинской области.

5. Органом управления государственного учреждения является: государственное учреждение «Отдел образования Абайского района» управления образования Карагандинской области.

6. Наименование государственного учреждения на государственном (казахском) языке: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №9» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.

7. Место нахождения государственного учреждения: индекс 100118, Карагандинская область, Абайский район, поселок Южный, здание № 23.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданко-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан. Финансово-хозяйственная деятельность государственного

учреждения со всеми вытекающими функциями, указанных в настоящей главе и иных правовых актах.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

